

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

---



# Операциялық жүйе туралы мәлімет

- ОЖ – бұл компьютерде жұмыс істеп тұрған ең маңызды бағдарламалық жасақтама. Ол жадыны, процесстерді, барлық бағдарламалық және аппараттық жасақтамаларды басқарады. Яғни ОЖ – адам мен компьютер арасындағы көпір деуге болады. Өйткені операциялық жүйесіз

КОМП



# Операциялық жүйенің жұмысы

- «Компьютер жүктеліп жатыр», «Операциялық жүйе жүктеліп жатыр» деген сияқты сөздерді естіген боларсыздар? Компьютерді қосу тетігін басқаннан кейінгі процесс осылай түсіндіріледі. Бір немесе екі минут алатын бұл процесс жүріп жатқанда компьютер бірнеше маңызды функцияларды атқарып жатады:
  - Барлық бағдарламалар дұрыс істеп тұрған-тұрмағанын тексеріп шығады;
  - Жаңа жабдықтың пайда болған-болмағанын тексереді;
  - Операциялық жүйе іске қосылады



# Операциялық жүйелердің түрлері

Операциялық жүйелер әдетте сіз сатып алып жатқан компьютерге алдын-ала орнатылып қояды. Көптеген адам компьютерді орнатылып қойылған операциялық жүйемен бірге сатып ала салады, бірақ егер қаласа басқасын қоя алады. Компьютерге арналған үш ең танымал операциялық жүйе бар: Microsoft Windows, Apple Mac Os X және Linux.



# Microsoft Windows

- Microsoft компаниясы Windows операциялық жүйесін 1980-жылдарың ортасында жасап шығарды. Содан бері Windows-тің көптеген нұсқалары шықты, бірақ олардың ішінде ең танымалы – Windows 10 (2015 жылы шығарылған), Windows 8 (2012), Windows 7 (2009), Windows Vista (2007), мен Windows XP (2001). Windows көптеген жаңа компьютерлерге алдын-ала орнатылып қойылады және де әлемдегі ең көп таралған операциялық жүйе болып саналады.
- Егер сіз Windows операциялық жүйеңізді соңғы нұсқасына жаңартқыңыз келсе, онда Windows-тың соңғы шыққан Home Premium, Professional және Ultimate сияқтыларының бірін таңдай аласыз. Бірақ орнатпас бұрын қайсы сізге оңтайлы болатынын зерттеп алыңыз.





# Apple Mac OS X

- Mac OS Apple компаниясы жасап шығарған операциялық жүйелер тізбегінен тұрады. Ол Macintosh немесе Mac жаңа компьютерлеріне алдын ала орнатылған болады. Бұл операциялық жүйенің соңғы нұсқалары OS X деп танымал. Нақтылап айтқанда Yosemite (2014 жылы шығарылған), Mavericks (2013), Mountain Lion (2012), Lion (2011), және Snow Leopard (2009). Сонымен қатар Mac OS X Server деген де бар, ол серверлермен жұмыс істеуге арналған.

StatCounter Global Stats мәліметіне сүйенсек, 2014 жылдың қыркүйек айының дерегі бойынша Mac OS X қолданушылары операциялық жүйелер нарығының 9,5%-ын құрайды. Бұл Windows қолданушыларының пайызынан әлдеқайда төмен (90%-ға дейін). Бұның бір себебі Apple компьютерлерінің тым қымбаттылығында.





# Linux

- Linux — бастапқы коды ашық операциялық жүйелер жиыны. Бұл дегеніміз, олар модификациялана (өзгере) алады және кез келген адам оны әлем бойынша тарата алады дегенді білдіреді. Бұл оны Windows сияқты басқа ОЖ-ден қатты ерекшелейді. Өйткені Windows-ті құрастырушысы ғана (Microsoft) өзгерте және тарата алады. Линукстың артықшылығы, оның тегін екенінде және оның таңдауға мүмкіндік болатын бірнеше нұсқасы болады. Әр нұсқаның сырт бейнесі өзгеше болады, және олардың ең танымалы Ubuntu, Mint пен Fedora.

Linux 1991 жылы Linux-тің негізін қалаған Линус Торвальдстің құрметіне аталған.

